

**2016 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету және "2016 - 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 972 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 тамыздағы № 468 қаулысы

**2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.**

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 111-бабына сәйкес және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 253 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2016 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету жүзеге асырылсын.

2. «2016 – 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 972 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген қаулыға 42-қосымшада: реттік нөмірлері 92, 93, 94, 95-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

92	Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу	Мемлекеттік жер кадастры мәліметтерін қалыптастыру жер кадастр жұмыстарын жүргізу есебінен қамтамасыз етіледі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ	259 «Жер ресурстары туралы ақпаратқа қолжетімділікті арттыру»
93	Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы алқаптарының және ауылдық елді мекендердің жоспарлы-картографиялық өнімі	Жұмыстар циклі мемлекеттік жер кадастрын жүргізу үшін құрылатын ауыл шаруашылығы алқаптарының және ауылдық елді мекендердің ауқымды қатарының фотокарталарын жасауға бағытталған	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	«Ауыл шаруашылығы аэрофотогеодезиялық іздестіру мемлекеттік институты» ШЖҚ РМК	259 «Жер ресурстары туралы ақпаратқа қолжетімділікті арттыру»
94	Топографиялық геодезиялық және картографиялық	Цифрлы топографиялық және тақырыптық карталарды, географиялық атаулардың мемлекеттік каталогтарын жасау, жаңарту, техникалық жобаларды құру,	Қазақстан Республикасы	«Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры» РМҚК	259 «Жер ресурстары туралы ақпаратқа

	жұмыстар, материалдар мен деректерді есепке алу, сақтау	топографиялық-геодезиялық және картографиялық материалдар мен деректерді сақтау	А у ы л шаруашылығы министрлігі		қолжетімділікті арттыру»
95	Топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар	Қалалардың және аумақтардың азотүсірілімі, ауқымды қатардың мемлекеттік топографиялық карталарын және қалалардың жоспарларын жасау және жаңарту, пункттерді тексеру және қалпына келтіру, координаталау, эталондық базистерді сертификаттау, I, II класты нивелирлеу, жиынтық каталогтар жасау, геодинамикалық зерттеулер, карталарды басып шығару (басу), техникалық жобаларды құрастыру, нормативтік техникалық құжаттарды әзірлеу	Қазақстан Республикасы А у ы л шаруашылығы министрлігі	«Қазгеодезия» РМҚК	259 «Жер ресурстары туралы ақпаратқа қолжетімділікті арттыру»

».

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы және Ұлттық экономика министрліктерімен бірлесіп, жиынтық қаржыландыру жоспарына тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша өзгерістер енгізсін.

4. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
К.Мәсімов

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

1 9

т а м ы з д а ғ ы

№

4 6 8

қ а у л ы с ы н а

қосымша

## 2016 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету

Функционалдық топ		Атауы	Өзгерістер (+,-)
Әкімші	Бағдарлама		
1		2	3
		II. Шығындар	0

1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	- 277 737
	243	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	- 277 737
	001	Экономика, сауда саясатын, тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы саясатты қалыптастыру және дамыту, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және іске асыру, табиғи монополиялар субъектілерінің және статистика қызметі саласындағы қызметті реттеу, бәсекелестікті қорғауды қамтамасыз ету, өңірлік даму, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлікті дамыту саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер	- 277 737
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	277 737
	212	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	6 217 678
	001	Ауыл шаруашылығы, табиғатты пайдалану және жер ресурстарын пайдалану саласындағы жоспарлау, реттеу, басқару	277 737
	259	Жер ресурстары туралы ақпаратқа қолжетімділікті арттыру	5 939 941
	243	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	- 5 939 941
	083	Мемлекеттік жер кадастры, геодезиялық және картографиялық қызметтің іс-шараларын іске асыру	- 5 939 941

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК